| 143 | СЕРІКБАЙҚЫЗЫ МАРХАББАТ | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 03.05.2017 17:03:10 | 2 | 50 |
| 144 | КЕНЖЕБЕКОВА ГУЛЬНАЗ СЕЙТКАСЫМОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 10.05.2017 19:04:54 | 3 | 66 |
| 145 | ЖАЛГАСОВА ГУЛЗАТ ОНБУЛАТОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 10.05.2017 19:21:40 | 3 | 66 |
| 146 | АКТАЙЛАКОВА ЛАУРА ДЖАМБУЛОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 13.05.2017 12:10:57 | 3 | 66 |
| 147 | ОСПАНОВА БАХЫТКҮЛ ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 13.05.2017 12:21:21 | 3 | 66 |
| 148 | ҚАНИБАЕВ БАУЫРЖАН РАХЫМБАЙҰЛЫ | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 19.05.2017 19:20:13 | 3 | 66 |
| 149 | ТАЛҚАНБАЕВА ЖАННА ЖАЛҒАСБЕКҚЫЗЫ | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 25.05.2017 16:47:03 | 3 | 66 |
| 150 | ЖАПБАРХАНОВА АИДА КАНАФИЯЕВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 29.05.2017 10:00:45 | 3 | 66 |
| 151 | АБУБАКИРОВА АЙГУЛЬ КУРБАНОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 31.05.2017 17:49:49 | 3 | 66 |
| 152 | НАЗАРОВА ФАТИМА ШАЙХИСЛАМОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 03.06.2017 14:19:24 | 2 | 50 |
| 153 | БАЙЖАРАСОВА АЙГЕРИМ МЕРХАМИДОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 13.06.2017 18:27:52 | 3 | 66 |
| 154 | ОРАЗАЛЫ БОТАГОЗ ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 14.06.2017 09:36:57 | 3 | 66 |
| 155 | АБЫЛАЕВА ШЫНАР АСАНОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 15.06.2017 00:00:00 | 3 | 66 |
| 156 | КАИНОВА АКТОТЫ РАУШАНБЕКОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 27.06.2017 19:59:32 | 3 | 66 |
| 157 | КАМАЛАДДИНОВА БАХЫТКУЛЬ УМИРЗАКОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 15.07.2017 21:30:43 | 3 | 66 |
| 158 | ДЖАНТЕЛЕЕВА АЙСУЛУ ХАДИМОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 15.07.2017 21:34:48 | 3 | 66 |
| 159 | ЖАМИНОВА АНАР ОРАЗБАЕВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 26.07.2017 19:07:58 | 3 | 66 |
| 160 | ҚАДЫРОВА ГҮЛЖАНАТ ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 26.07.2017 20:12:35 | 3 | 66 |
| 161 | МОМБАЕВА ДАНА АСЫЛХАНОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 28.07.2017 18:51:55 | 3 | 66 |
| 162 | СЕЙТОВА ЖАДЫРА НҰРТАЙҚЫЗЫ | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 01.08.2017 12:50:01 | 3 | 66 |
| 163 | БОЛТАЕВА САЛТАНАТ ЫДЫРЫСОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 10.08.2017 16:47:21 | 3 | 66 |
| 164 | ХУЛТАНОВА ЗАУРЕ КИПШАКБАЕВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 26.07.2017 20:18:08 | 3 | 66 |
| 165 | КУЛПАЙСТАНОВА ЖАМИЛЯ ЖЕТПЫСБАЕВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 21.07.2017 19:39:54 | 3 | 66 |
| 166 | АЙТУГАНОВА АСЕЛЬ АКБЕРГЕНОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 28.11.2016 00:00:00 | 3 | 65,7 |
| 167 | АЖМАГАНБЕТОВА КАЛАМКАС АСКЕРБЕКОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 30.11.2016 11:12:34 | 3 | 65,7 |
| 168 | ЖОЛМАНОВА АЖАР МАРАТОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 06.12.2016 18:44:52 | 3 | 65,7 |
| 169 | КАНАТБАЕВА САЛТАНАТ КАЙРАТОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 08.12.2016 00:00:00 | 3 | 65,7 |
| 170 | ЖУСУПБАЕВА ИНДИРА КИПШАКБАЕВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 08.12.2016 01:42:51 | 3 | 65,7 |
| 171 | ДУЙСЕНБАЕВА ИНДИРА КУРБАНБАЙКЫЗЫ | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 08.12.2016 05:59:59 | 3 | 65,7 |
| 172 | ЖУНИСОВА МОЛДИР АМАНБАЕВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 16.12.2016 00:00:00 | 3 | 65,7 |
| 173 | ОЙНАРОВА АЙГУЛЬ ЖАЛГАСОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 19.12.2016 17:21:56 | 3 | 65,7 |
| 174 | ОМАРОВА ГУЛНУР МУКАШОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 23.12.2016 17:51:18 | 3 | 65,5 |
| 175 | УТЕМУРАТОВА ЗАЙНА БАЙНАЗАРОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 24.12.2016 10:46:43 | 3 | 65,7 |
| 176 | ЖАЛПАКОВА АЙГУЛЬ КАЗЫБАЕВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 24.12.2016 11:22:52 | 3 | 65,7 |
| 177 | ОРАЗЫМБЕТОВА НУРГУЛЬ САРСЕНБАЕВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 24.12.2016 12:43:38 | 3 | 65,7 |
| 178 | ҚАЛИЕВА ГУЛЬМИРА СЕРІКБАЙҚЫЗЫ | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 24.12.2016 12:49:31 | 3 | 65,7 |
| 179 | АЛМУРАТОВА КАРАКОЗ ОНТАЛАПОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 19.01.2017 10:27:51 | 3 | 65,7 |
| 180 | ИЛЬЖАНОВА АЙГЕРИМ МУХИТОВНА | Многодетные семьи (в т.ч. многодетные матери имеющие награды «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Материнская слава» I и II степени или звание «Мать-героиня») | 20.01.2017 15:29:14 | 3 | 65,7 |

(Жалғасы 7-бетте)

**МЕНШІК ИЕСІ:**

**«Желтоқсан и К» ЖШС**

**Бас редактор**
Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

**Бас редактордың орынбасары**
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

**Редакцияның мекен-жайы:**

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

**Телефон:** 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп
№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

**ТАРАЛЫМЫ:** 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
**Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
**Таралу аумағы:**
Қазақстан Республикасы
**Тапсырыс**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді

# БАСШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҚАРАЛАДЫ

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысының күн тәртібінде еліміздің қаңтар-қыркүйек айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы, республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары, Үкімет қаулылары қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелерге орай бағыт-бағдар белгіленіп, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

**– «Бюджетті толық әрі уақытылы игеруіміз, өңірімізге қатысты нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштердің өсімін қамтамасыз етуіміз керек. Жұмыс тиісті деңгейде орындалмаған жағдайда бірінші басшылардың жауапкершілігі қаралатынын қатаң ескертемін.**

**Қазіргі өзекті мәселенің бірі – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру. Бағаны күнделікті қатаң бақылауда ұстаңыздар. Өнімдерді тиімді өткізу үшін әлеуметтік дүкендер қызметін жетілдіруге қатысты нақты ұсыныс беріңіздер.**

**Одан бөлек «Байқоңыр» ӘКК АҚ өңірлік тұрақтандыру қорына арзан бағамен өнімдер сатып алуда. Қала, аудан әкімдіктері, кестеге сәйкес әр айға бөлінген өнімді жеткізіп, тұрғындарға белгіленген бағамен сатуды ұйымдастырыңыздар»,** – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Сонымен қатар коммуналдық қызметтер үздіксіз жұмыс істеуі тиіс. Әсіресе, газ, су, электр желілері жұмысының тұрақтылығын, көпқабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарға жылудың толық берілуін бақылауда ұстау қажет.

# ЕСЕПТЕ ТҰРҒАНДАР АЗАЙЫП КЕЛЕДІ...

***Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен мемлекеттік органдардың нашақорлықтың алдын алу және есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл қызметін үйлестіру жөніндегі республикалық штаб отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.***

Аймақта нашақорлық пен есірткі қылмысына қарсы күрес жүйелі жолға қойылған. 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар аясында облыс әкімдігі құқық қорғау органдарымен бірлесіп, алдын алу шараларын мақсатты түрде жүзеге асырды. Өткен 9 айда облыста есірткіге қатысты 237 құқық бұзушылық анықталды.

Соңғы үш жылда полиция органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға облыстық бюджеттен 10 млрд. 745 млн. теңге бөлінді. Биыл осы мақсатқа 4 млрд. 143 млн. теңге қарастырылып, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуде. Барлық ауданда жедел басқару орталықтары ашылып, 539 бейнебақылау камерасы орнатылды. Нашақорлық пен есірткіге қарсы іс-шараларға 181 млн. теңге бөлінді. «Қарасора-2025» акциясы барысында 58 есірткі өсіру фактісі анықталды. «Киберқадағалау» жүйесі арқылы 1120 сайттың қызметі тоқтатылып, шамамен 80 граффити жазулары жойылды. Екінші деңгейлі банктердегі 842 есепшот бойынша 85 млн. теңге бұғатталды.

Жастармен жұмысқа, оның ішінде 36 әлеуметтік жобаға 312 млн. теңге, сондай-ақ жастар орталықтарының ақпараттық шығындарына 592 млн. теңге қаралды. Бұл қаржы жастар бастамаларын қолдауға және нашақорлықтың алдын алуға бағытталған. Жыл басынан бері 700-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, 80 мыңнан астам оқушы, студент пен ата-ана қамтылды. Сонымен қатар, сауалнама жүргізіліп, 530 бала мектепішілік бақылауға алынды.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 200-ге жуық материал жарияланып, әлеуметтік желілерде бейнероликтер көрсетілді. 22 мыңнан астам ата-анаға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, 3 400-ге жуық жас түрлі іс-шараларға тартылды.Нашақорлықтың алдын алу мақсатында салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығына 1,9 млн. теңге бөлініп, 52 шара ұйымдастырылып, 2400-ден астам ақпараттық материал таратылды.

Аталған шаралардың нәтижесінде өткен 9 айда нашақорлықпен есепте тұрғандардың саны 39%, ал диспансерлік есепте тұрғандар саны 8,6% төмендеді. Аймақ басшысы құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмысты одан әрі күшейту, алдын алу шараларына асқан жауапкершілікпен қарау міндетін жүктеді.

***Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорда қаласының Қазақ елі астанасы болғанына 100 жыл толу мерейтойы мен қала күніне орай сол жағалаудағы «Syr Darya» коммуналдық базарының ашылу рәсімі өтті.***

***Оған зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері, қала тұрғындары қатысты. Аймақ басшысы өңдеу өнеркәсібі саласындағы жұмыстарға тоқталып, жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.***




# «SYR DARYA» – ДЕЛДАЛСЫЗ БАЗАР

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы биылғы Жолдауында жаңа инвестициялық кезеңді бастау, өңдеу өнеркәсібі мен кәсіпкерлікті дамытуға баса мән беру керектігін ерекше атап өтті.

Ол үшін мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау шаралары, қолайлы жағдай жасалуда. Біз аймағымыздың экономикасын әртараптандыру арқылы жоғары өнімді, экспортқа бағдарланған шикізаттық емес өңдеу өнеркәсібін құру жұмыстарын кезең-кезеңімен атқарудамыз. Соңғы жылдары өңірімізде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ауқымды жобалар жүзеге асты. Өткен аптада ғана «Қызылорда-Нан» кешені іске қосылды. Бүгін облысымыздың экономикасына тың серпін беретін «Техоснастка Ремсервис» серіктестігінің «Syr Darya» коммуналдық базары мен «Тұмар» жеке кәсіпкерлігінің шағын өнеркәсіптік аймағының ашылу салтанатында бас қостық. Баршаңызды жаңа кәсіпорындардың ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Заманауи форматтағы қолжетімді сауда алаңдарын ұсынатын «Syr Darya» коммуналдық базарын іске қосуға 2 млрд. 574 млн. теңге инвестиция құйылды. Жалпы ауданы 5 мың шаршы метр болатын бұл сауда алаңының бірінші қабатында азық-түлік, тамақ өнімдері, екінші қабатында киім-кешек сату орындары орналасқан. Жаңа сауда нысаны жергілікті тауар өндірушілерге өнімдерін делдалсыз тікелей өткізуге, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын реттеуге мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, қаладағы бейберекет базарлар ретке келтіріліп, санитарлық талаптарға сәйкестендіріліп, кәсіпкерлер мен тұтынушыларға қолайлы жағдай жасалады.

Рәсімде «Syr Darya» коммуналдық базары құрылысына атсалысқан қызметкерлер облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Ел ағасы, қоғам қайраткері Нажмадин Мұсабаев құттықтау сөз сөйледі.



# «ТҰМАР» – ШАҒЫН ӨНЕРКӘСІПТІК АЙМАҚ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Тұмар» жеке кәсіпкерлігінің шағын өнеркәсіптік аймағының ашылу рәсімі өтті. Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына және қала күніне арналған салтанатты шараға зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері, қала тұрғындары қатысты. Аймақ басшысы өнеркәсіп саласының қазіргі бағыт-бағдары туралы айтып, жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

– «Үкіметтің шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында қолға алған бастамаларының бірі – шағын өнеркәсіптік аймақтар құру. Бұл жұмыс өңірімізде сәтті жүзеге асырылып, 1 млрд. 52 млн. теңгеге екі шағын өнеркәсіптік аймақ салынуда.

Бүгін соның алғашқысы «Тұмар» жеке кәсіпкерлігінің бастамасымен салынған тамақ өнеркәсібі бағытындағы өнеркәсіптік аймақ кәсіпкерлер игілігіне берілмек. Жоба құны 526 млн. теңге, мұнда 8 өндірістік цех іске қосылып, азық-түлік өнімдерін өндіретін кәсіпорындар шоғырланған. Кәсіпорындарда 50-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылып, тұрмыс-тіршілікке қажетті тауарлар өндіруде. Кәсіпкерлерге өз жұмысын бастауға «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жылдық 3 пайызбен 157 млн. теңге жеңілдетілген несие берілді. Бұл – кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған шаралардың нақты көрінісі.

Баршаңызды облысымыз үшін әлеуметтік-экономикалық тиімді жоба «Тұмар» шағын өнеркәсіптік аймағының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл нысандар халықты сапалы жергілікті өніммен қамтамасыз етуге, шағын кәсіпкерліктің дамуына, салық базасының ұлғаюына елеулі үлес қосады деп сенеміз. Жобаны жүзеге асыруға атсалысқан инвесторларға, құрылысшыларға, барлық серіктес ұйымдарға алғыс білдіреміз.

Жаңа нысандардың жұмысы табысты, өндірісі берекелі болсын! Егемен еліміздің еңсесі биік, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде «Тұмар» шағын өнеркәсіптік аймағының құрылысына үлес қосқан қызметкерлер облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

# “АБАЙЛЫҚТАР” ТАҢДАНЫСЫН ЖАСЫРМАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр еліне жұмыс сапарымен келген Абай облысының әкімі Берік Уәли бастаған делегацияға облыс орталығындағы жаңа нысандарды таныстырды. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары қатысты.

Алдымен қонақтар «Сыр жұлдызы» шығармашылық-инновациялық академиясына барды. Балалар мен жасөспірімдерге арналған орталық мамыр айында пайдалануға берілді. Академия бір мезетте 500 оқушы, тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қабылдайды.

Мұнда бассейн, топтық жаттығу бөлмесі, көркем гимнастика және фитнес залы орналасқан. Сондай-ақ үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек, үстел теннисі залдары бар. Барлық залда ұлдар мен қыздарға арналған жеке-жеке киім ауыстыру бөлмелері қарастырылған. Көркем-эстетикалық бағытта кескіндеме, сурет салу, резин арт бөлмесі, балалар шығармашылығы шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді.

Сонымен қатар Абай облысынан келген делегация «Анаға тағзым» орталығындағы ұлттық құндылықтарды дәріптейтін және ананы құрметтеуге үндейтін жобаларға қызығушылық танытты. Абай облысының әкімі орталыққа ана мен бала бейнеленген картинаны сыйға тартты.

Одан кейін облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимаратына барды. Нысан құрылысы өткен жылдың мамыр айында басталып, биылғы маусымда пайдалануға берілді. Аумағы 3 мың шаршы метрден асатын ғимаратта 12 экспозициялық зал бар. Қорда 70 мыңға жуық тарихи экспонат сақталған, оның 25 120-сы түпнұсқа.

Музейдің бірінші қабатында «Киелі мұра» экспозициясы, «Табиғат және палеонтология», «Археология», «Орта ғасырлар өркениеті», екінші қабатта «Қазақ хандығы», «Этнография», «Өлке тарихы», «Алаш зиялылары», «Ерлік және даңқ», «Мәдениет және өнер», «Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы», «Ғарышты игеру», «Тәуелсіз Қазақстан» залдары орналасқан.

Археологиялық қазба жұмыстарының ғылыми негіздемелеріне сүйеніп жасалған алтын киімді «Шірік Рабат сақ жауынгері», алтын әшекейлі «Сығанақ ханшайымы», алтын қылышты «Түгіскен көсемі» және «Жетіасар ақсүйек әйелі» тарихи реконструкциялары ғылыми айналымға енгізілді. Залдардың құрылымы, жабдықтары мен безендірілуі жасанды интеллект элементтерін қолданып, 3D модельде жасалған.

Әрі қарай аймақ басшысы мен қонақтар Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында Абай облысының Абай атындағы қазақ музыкалық драма театры артистері сахналаған, халықаралық театр фестивалінде бас жүлде иеленген «Абай айтқан «Еңлік-Кебек» қойылымын тамашалады.

# ЕЛЕНАНЫҢ “САҒЫНЫШ ҒҰМЫРЫ”

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын, әнші, композитор Елена Әбдіхалықовамен кездесті. Оған еліміздің, Сыр өңірінің мәдени-рухани дамуына қосқан үлесі үшін Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстап, сый-құрмет көрсетті.

– «Бүгінгі шығармашылық кешіңіз ұлтымыздың «Қазақ» атауының қайтарылғанына, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл толған мерейтойға, Қызылордамыздың төл мерекесі – Қала күніне үлкен тарту болды. Сіз әрдайым туған топырақты, халқымыздың өр рухын жырға қосып, мәдениетіміз бен руханиятымызды өскелең ұрпаққа кеңінен дәріптеп келесіз.

«Сыр елі – жыр елі» атанған өңірімізде өнерпаздарға қолайлы орта қалыптастыруға, өнерлі, дарынды жастарымыздың шығармашылығын шыңдауға бағытталған маңызды жобалар қолға алынған. Өнер адамдарын, мәдениет майталмандарын қолдауға әрқашан дайынбыз. Төл өнеріміздің туын биікте ұстап, көрерменнің зор құрметіне бөлене бергейсіз! Сізге мықты денсаулық, шығармашылығыңызға табыс тілеймін!», – деді Н.Нәлібаев.

Кездесуде Елена Әбдіхалықова көрсетілген құрметке алғыс білдіріп, аймақтың мәдениет саласындағы ауқымды жұмыстарға оң бағасын берді.

Одан кейін аймақ басшысы композитордың Өнер орталығында өткен «Сағыныш ғұмыр» атты шығармашылық кешіне қатысты. Концертте Елена Әбдіхалықова белгілі әнші Жұбаныш Жексенұлымен бірге симфония оркестрінің сүйемелдеуімен «Біргемін мен сендермен», «Есіңе мені алғайсың», тағы басқа танымал әндерін орындады.

Шығармашылық кеште Арайлым Ибраева, Дәурен Сейітжанов шырқаған әндер көрермен көңілінен шықты. Ақын өлеңдерінен құралған «Менің атым Сағыныш» атты композицияны театр артистері шебер орындады. Автор сыршыл өлеңдерін өзі де оқып, тыңдарманын бір мезет поэзияның терең ирімдеріне бойлатты. «Қазақ елі», «Сыр елі» сияқты халыққа кең тараған туындыларды Өнер орталығына жиналған қауым қосыла шырқады.

# АЙМАҚ БАСШЫСЫ ЕЛІМІЗДЕГІ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстан Республикасының VIII шақырылымындағы облыстық мәслихат төрағаларымен кездесті.Оған «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» РҚБ төрағасы Төлеубек Мұқашов, Қостанай, Жамбыл, Ақмола, Алматы, Жетісу, Ақтөбе, Абай, Ұлытау, Түркістан, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстық, Шымкент және Астана қалалық мәслихат төрағалары арнайы қатысты.

Кездесуде аймақ басшысы жергілікті өкілді органмен бірлесіп атқарылған жұмыстарға тоқталып, ұлтымыздың қазақ атауының қайтарылғанына, Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толу мерейтойына арнайы келген делегация мүшелеріне алғыс білдірді.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының екінші республикалық форумында: «Жергілікті атқарушы билікке жаңа буын өкілдері көптеп келе бастады. Қазір олар ел басқару ісін үйреніп, тәжірибе жинауда. Оларға жан-жақты қолдау көрсету керек. Әсіресе, мәслихат депутаттары мен әкімдердің бірлесе жұмыс істегені жөн. Өйткені оларды мемлекеттің жергілікті жердегі қос тірегі деуге болады», – деп атап көрсетті.

Конституциямызда айқындалғандай, жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүргізеді. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында облыстық мәслихат экономиканы әртараптандыру, оны жаңаша даму жолына түсіру, ел дамуының жаңа бағыттарын айқындауға белсенді атсалысты. Ең бастысы, өз сайлаушыларының ел болашағына деген сенімін арттырды.

Саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде жергілікті мәслихат қызметінің рөлі ерекше.Президентіміздің бастамасымен 2022 жылдан бері өткен бес ірі саяси науқанда жергілікті мәслихат депутаттары белсенді жұмыс жасағанын ерекше атап өтуіміз қажет», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

**Облыстық мәслихатпен бірлесіп атқарған жүйелі жұмыстың арқасында Қызылорда облысы әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша республикада алдыңғы қатардан көрініп келеді. Биыл облыс бюджеті 851,3 млрд теңгеге жетіп, 2022 жылдан бері 233 пайызға артты, оның 56 пайызы әлеуметтік салаға бағытталды. 2021 жылы даму бюджеті 47 млрд теңге болса, биыл 207 млрд теңгеге жетіп, 4,5 есе көбейді. Бұл қаражат халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, инфрақұрылымды дамытуға, өзекті мәселелерді шешуге бағытталды. 2022 жылдан бері 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, пайдалануға берілді.**



Басқосуда мәслихат төрағаларына Қызылорда қаласының ел астанасы болғанына 100 жыл толуына орай шығарылған естелік сыйлықтар табысталды.

# ХАБАРЛАМА!

Шиелі ауданы аумағындағы ауыл шаруашылығы жерлерінен шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі қосымша хабарламаны тиісті облыс шегіндегі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарында және орталық уәкілетті органдарының интернет-ресурсында жарияланған.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Шиелі ауданы, Шиелі кенті, И. Әбдікәрімов көшесі № 11 мекен-жайында орналасқан «Шиелі ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 24 қарашасынан сағат $9^{00}$ - ден бастап 2025 жылдың 12 желтоқсаны сағат $19^{00}$- ге дейін қабылданады.

Конкурс 15.12.2025 жылы өткізілетін орны Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т. Рысқұлов көшесі №11 мекен-жайындағы Шиелі ауданы әкімдігі ғимаратында сағат 10:00 ден бастап өткізілетіндігін хабарлаймыз.

1) шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстын жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және рәсімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Байланыс телефоны: 8 72432-35-5-02

**«Шиелі ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІКТЕГІ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН КОНКУРСҚА ШЫҒАРЫЛАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

| Р/н | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің көлемі | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Жер пайдалану құқығы | Топырақтың сипаттамасы | Алқаптардың құрамы | Бонитет балы | Өңірдің ауылшаруашылығына мамандануы | Сумен қамтамасыз етілуі мүмкіндігі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Шиелі ауданы, Ортақшыл ауылдық округі, «Қосқұдық» өңірі | 40 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $662^3$+723 лг-Тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды сазды топырақ кәдуілгі кебірлермен 10-30%-ға дейін кешенде | Жайылым -9,0га | 11 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 729+$662^2$ п -Жалды- бұйратты бекіген құмдар тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды топырақтармен 10-30%-ға дейін кешенде | Жайылым -31,0га | 2 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Ортақшыл ауылдық округі, «Ортақшыл» өңірі | 240 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $662^2$ лс-Тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды жеңіл саздақты топырақ | Жайылым-79,2га | 14 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | $662^1$+724 лг-Тосаптық шалғындық қоңыр әлсіз тұзды жеңіл сазды топырақ шалғындық кебірлермен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым-76,2га | 9 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | $662^2$+724 . Лс-Тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды жеңіл саздақты топырақ жалды-бұйратты бекіген құмдармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым-84,6га | 4 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Бәйтерек ауылдық округ, «Мотор суат» өңірі | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $662^3$ лс -Тосаптық шалғындық қоңыр күшті тұзды жеңіл саздақты топырақ | Жайылым-100,0га | 12 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Бәйтерек ауылдық округі, «Ақтам» өңірі | 80 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 663$б^3$+729 с - Тосаптық шалғындық қоңыр шөлейттенген орташа тұзды орташа саздақты топырақ жалды-бұйратты бекіген құмдармен 10-30%-ға дейін кешенде | Жайылым-54,5га | 5 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 664 $б^1$ лг-Тосаптық шалғынды батпақты қоңыр әлсіз тұзды жеңіл сазды топырақ | Жайылым-25,5га | 3 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Бәйтерек ауылдық округі, көкжиде өңірі | 70 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $662^3$+723 с-Тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды орташа саздақты топырақ кәдуілгі кебірлермен 10-30%-ға дейін кешенде | Жайылым-22,8га | 8 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 723 с - Орташа саздақты кәдуілгі кебірлер | Жайылым-8,6га | 2 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 729+$662^1$ п -Жалды- бұйратты бекіген құмдар тосаптық шалғындық қоңыр әлсіз тұзды топырақтармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым-38,6га | 1 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы Талаптан ауылдық округі, Темір өңірі | 200 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 663$б^3$+729 с - Тосаптық шалғындық қоңыр шөлейттенген күшті тұзды орташа саздақты топырақ жалды-бұйратты бекіген құмдармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым-137,0га | 12 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | $718^1$+729 сп -Тақыр тәріздес әлсіз тұзданған құмдақты топырақ жалды-бұйратты бекіген құмдармен 10-30%-ға дейін кешенде | Жайылым-63,0га | 6 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы Талаптан ауылдық округі, Темір өңірі | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $662^2$+663$б^2$ лг-Тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды жеңіл сазды топырақ тосаптық шалғындық қоңыр шөлейттенген орташа тұзды топырақтармен 10-30%-ға дейін кешенде | Жайылым-24,7га | 11 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 663$б^3$+729 с - Тосаптық шалғындық қоңыр шөлейттенген күшті тұзды орташа саздақты топырақ жалды-бұйратты бекіген құмдармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым-75,3га | 8 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Еңбекші ауылдық округі, «Сарышырпы» өңірі | 500 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $1530^1$+1532 лсΔΔ-Әлсіз тұздысұр-қоңыр жеңіл саздақты орташа қиыршық тасты топырақ аз дамыған сұр-қоңыр топырақтармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым-500,0га | 6 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Еңбекші ауылдық округі, Жылқыбаз өңірі | 300 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $1529^1$ с Δ-Әлсіз тұздылау сұр-қоңыр орташа саздақты әлсіз қиыршық тасты топырақ | Жайылым-168,0га | 9 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | $1530^1$ лс ΔΔ-Әлсіз тұзды сұр-қоңыр жеңіл саздақты орташа қиыршық тасты топырақ | Жайылым-85,0га | 7 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 1532лсΔ - Аз дамыған сұр-қоңыр жеңіл саздақты әлсіз қиыршық тасты топырақ | Жайылым-47,0га | 6 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы Еңбекші ауылдық округі, | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $1530^1$ лс ΔΔ-Әлсіз тұзды сұр-қоңыр жеңіл саздақты орташа қиыршық тасты топырақ | жайылым-100,0га | 7 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Еңбекші ауылдық округі, Қоскемпір өңірі | 300 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $1530^1$ лс ΔΔ-Әлсіз тұзды сұр-қоңыр жеңіл саздақты орташа қиыршық тасты топырақ | жайылым-300,0га | 7 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Еңбекші ауылы, Анарқұм өңірі | 500 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $662^2$ тс - Тосаптық шалғындық қоңыр өте күшті тұзды ауыр саздақты топырақ | жайылым-223,8га | 1 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | $662^2$+729 Лг - Тосаптық шалғынды қоңыр орташа тұзды жеңіл сазды топырақ жалды-бұйратты бекітілген құмдармен 10-30%-ға дейін кешенде | жайылым-104,8га | 6 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 723+729.. Лг -Жеңіл сазды кәдуілгі кебірлер жалды-бұйратты бекіген құмдармен 10-30%-ға дейін кешенде | жайылым-171,4га | 1 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Еңбекші ауылдық округі, Шеңгелді өңірі | 200 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 1532сΔ - Аз дамыған сұр-қоңыр орташа саздақты әлсіз қиыршық тасты топырақ | Жайылым - 60,1 га | 8 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 1532сΔΔ - Аз дамыған сұр-қоңыр орташа саздақты орташа қиыршық тасты топырақ | Жайылым - 139,9 га | 6 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Еңбекші ауылдық округі, Ақсай өңірі | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $1530^1$лс Δ -Әлсіз тұзды сұр-қоңыр жеңіл саздақты әлсіз қиыршық тасты топырақ | Жайылым - 55,0 га | 7 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | $1530^1$+1532 лсΔΔ-Әлсіз тұздысұр-қоңыр жеңіл саздақты орташа қиыршық тасты топырақ аз дамыған сұр-қоңыр топырақтармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым - 45,0 га | 6 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Еңбекші ауылдық округі, «Полат» өңірі | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $1530^1$с ΔΔ -Әлсіз тұзды сұр-қоңыр орташа саздақты орташа қиыршық тасты топырақ | Жайылым - 100,0 га | 6 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Еңбекші ауылдық округі, «Жалғызағаш» өңірі | 80 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $662^2$ г-Тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды орташа сазды топырақ | Жайылым-57,3 | 6 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | $662^3$723 -Тосаптық шалғындық қоңыр күшті тұзды орташа саздақты топырақ кәдуілгі кебірлермен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым-22,7га | 5 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Тартоғай ауылдық округі, Сарысу өзен аумағы | 150 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $718^3$+663$б^2$ -Тақыр тәріздес күшті тұзданған орташа саздақты топырақ тосаптық шалғындық қоңыр шөлейттенген орташа тұзды топырақтармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым-150,0га | 6 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Тартоғай ауылдық округі Түменбай суаты өңірі | 25 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $662^2$+641$а^2$ лс-Тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды жеңіл саздақты топырақ тосаптық шалғындық қоңыр тоғайлы орташа тұзданған топырақтармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым-25,0га | 15 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Тартоғай ауылдық окурігі Бектас өңірі | 30 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $662^1$+641$а^2$ г-Тосаптық шалғындық қоңыр әлсіз тұзды орташа сазды топырақ тосаптық шалғындық қоңыр тоғайлы орташа тұзданған топырақтармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым-30,0га | 16 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Жөлек ауылдық округі, Қырғызбай өңірі | 60 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $662^1$ лг - Тосаптық шалғындық қоңыр әлсіз тұзды жеңіл сазды топырақ | Жайылым-60,0га | 16 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы,Жөлек ауылдық округі, Қырғызбай өңірі | 20 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | $662^1$ лг - Тосаптық шалғындық қоңыр әлсіз тұзды жеңіл сазды топырақ | Жайылым-20,0га | 10 | Мал шаруашылығы | Бар |

*(Жалғасы 6-бетте)*

Қызылорда облысын әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

# ЕҢБЕК АДАМДАРЫН ҚҰРМЕТПЕН МАРАПАТ ТӨРІНЕ ШЫҒАРУ – БІЗ ҮШІН ҮЛКЕН МӘРТЕБЕ

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деген болатын.

«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатын ұрпақ санасына кеңінен сіңіру, насихаттау, қарапайым еңбек адамдарын дәріптеу – біздің басты мақсатымыздың бірі!

Сыр елінің даңқын асқақтатқан дала академигі Ыбырай Жахаев бастаған 102 Социалистік және тәуелсіздік жылдарындағы 7 Қазақстанның Еңбек Ерінің жетістіктері аңызға айналды.

Саналы ғұмырын мемлекет ісіне арнап, туған жеріміз Сыр өңірі үшін аянбай еңбек еткен, ардақты ардагер ағаларымыз бүгін ортамызда.

Облысымыздың дамуына қосқан орасан зор үлестеріңіз үшін оларға барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғысымды білдіремін.




Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірінде соңғы жылдары байыпты бастамалар қолға алынып, жаңа жобалар сәтті жүзеге асуда.

Облысымыздың бюджеті 851 млрд. 300 млн. теңгеге жетіп, 2022 жылдан бері 233 пайызға өсті. Бұл қаражат аймағымыздың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, жаңа инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталуда. 2021 жылы өңірімізге 308 млрд. теңге инвестиция тартылса, биылғы жылы 720 млрд. теңге тартылады.

Облыс экономикасының негізі саласы- агроөнеркәсіп кешені де қарқынды дамуда. Соңғы 3 жыл ішінде мемлекет тарапынан аграрлық саланы қолдауға 43млрд. теңге қаржы бөлінді.



Шаруашылықтар есебінен 41млрд. теңгеден астам инвестиция тартылды.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында ауыл шаруашылығының машина-трактор паркі жаңартылуда. Соңғы 3 жылда 21 млрд. 800 млн. теңгеге 647 техника алынды.

Осы жылы 4 млрд. 700 млн. теңгеге 139 ауыл шаруашылығы техникалары алынып, машина-трактор паркі жаңаланды.

Биыл сала бойынша 8 млрд. 800 млн. теңгені құрайтын 16 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі көлемі жыл сайын артып, осы жылы 234 млрд. 800 млн. теңгеге жетеді.

Аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы жаңа белеске шығып, барлық негізгі көрсеткіштерде оң серпін сақталуда.

Өңірдің экономикалық, экологиялық жағдайы, халқының тыныс-тіршілігі Сырдария өзенінің деңгейіне тікелей байланысты.

Соңғы жылдары орын алған су тапшылығы әсерін Сыр диқандары да сезінуде.

Биылғы күрделі вегетациялық кезеңде қабылданған нақты шаралардың арқасында егілген егіс сумен толық қамтамасыз етілді.

Президентіміздің тапсырмасына сәйкес аймағымызға Премьер-Министр бастаған Үкімет делегациясы арнайы келіп, шаруалардың жағдайымен, егістің жай-күйімен танысты.

Бірнеше мәрте Су ресурстары және ирригация, Ауылшаруашылығы министрлері жұмыс сапарларымен келіп, су нысандарының жұмысын, суару кезектілігінің тиісті деңгейде ұйымдастырылуын күндіз-түні бақылауда ұстады.

Төтенше жағдайлар министрлігі тарапынан еліміздің барлық өңірлерінен 139 қызметкерден құралған жеке құрам, 25 насос қондырғылары көмекке жеткізіліп, 2 ай бойы шаруалардың игілігі үшін үлкен жұмыстарды атқарды.

Президентіміздің тапсырмасымен Үкімет резервінен 53 насос қондырғыларын алуға 1 млрд. теңге бөлінді.

Дер кезінде қабылданған батыл шешімдердің нәтижесінде егіс алқаптары сумен қамтамасыз етіліп, егінді шығынсыз алып қалуға барынша жағдайлар жасалды.

Бүгінде, осы қолдаулардың арқасында ерте көктемнен қара күзге дейін күннің ыстық-суығына қарамай еңбек еткен Сыр диқандары межелі өнімге қол жеткізуде.

Жыл сайын «Алтын күз» мерекесін тойлаудың игі дәстүрін жалғап, адал еңбегімен төрге шыққан озаттарды марапаттаудың алтын арқауын үзбей келеміз.

Еңбек адамдарын құрметпен марапат төріне шығару – біз үшін үлкен мәртебе.

Сыр диқандарымен биыл 189 мың 600 гектар егін, 80 мың 900 гектарға күріш дақылы егілді.

Бүгінде әр гектардан 58,1 центнерден өнім алынып, 470 мың тоннаға жуық астық жиналды.

Су ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану, су үнемдеу технологияларын енгізу, су жүйелерін цифрландыру – бүгінгі күннің басты талабы. Су шығынын азайту мақсатында егістік жерлерде кеңінен жүргізіліп жатқан лазерлік тегістеу жұмыстары өз тиімділігін көрсетті.

Биылғы жылы диқандар күріш егістіктерінің 60 мың гектарын лазерлік тегістеуден өткізіп, нәтижесімен суды үнемдей отырып, өнімділікті 30 пайызға арттырды.

Президентіміздің тапсырмасына сәйкес облыстың өсімдік шаруашылығын әртараптандырып, су үнемдеу технологиясын кеңінен енгізуге бағытталған мемлекеттік қолдау шараларына алдағы 3 жылға 34 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Оның ішінде, келесі жылға су үнемдеу технологияларын мемлекеттік қолдауға 9 млрд. теңге қарастырылды.

Бұл – Мемлекет басшымыздың Сыр дихандарын ерекше қолдауы.

Биыл су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемі 8 мың 100 гектарға жеткізіліп, өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге артты.

Шиелі, Қазалы, Арал аудандарында шетелдік компаниялардың қатысуымен су үнемдеу технологияларын қолдану арқылы жүгері, жоңышқа дақылдарын егу бойынша 3 ірі жоба жүзеге асуда.

Өсімдік шаруашылығын әртараптандырып, монодақыл күріштен басқа суды аз қажет ететін дақылдардың көлемін арттыру – заман талабы.

***Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Өнер орталығында «Алтын күз-2025» салтанатты шарасы өтті. Оған Абай облысының әкімі Берік Уәли, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстанның Еңбек Ерлері, ғалымдар, өнер майталмандары, республиканың барлық өңірінен келген облыстық мәслихат төрағалары арнайы қатысты.***

Аймақ басшысы ауыл шаруашылығында атқарылған жұмыстарға, агросаланың алдағы бағыт-бағдарына тоқталып, қамбаны толтырып, береке мен бірліктің үлгісін көрсеткен диқандарды құттықтады.

**– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деген болатын.**

**«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатын ұрпақ санасына сіңіру, насихаттау, қарапайым еңбек адамдарын дәріптеу – біздің басты мақсатымыздың бірі! Сыр елінің даңқын асқақтатқан дала академигі Ыбырай Жақаев бастаған 102 Социалистік Еңбек Ерінің және тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның Еңбек Ерлерінің жетістіктері аңызға айналды. Саналы ғұмырында туған жеріміз үшін аянбай еңбек еткен ардақты ардагер ағаларымыз бүгін ортамызда. Облысымыздың дамуына қосқан орасан зор үлестеріңіз үшін Сіздерге барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғысымды білдіремін. Ел үшін жасаған ерен еңбектеріңіздің жемісін, бейнеттеріңіздің зейнетін көріңіздер!»**, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Абай облысының әкімі Берік Уәли Сыр елінің еңбекқор жұртына ризашылығын білдіріп, екі өңір арасындағы байланыстың одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді.

- Қазақ халқы тағдырының тайғақ кешулі кезеңдерінде жағасына келіп тыныс тапқан, суына бетін жуып, үмітін ертеңге жалғаған қасиетті Сырдарияның бойында, ежелгі Ақмешіт, бүгінгі Қызылорда төрінде өздеріңізбен жүздесіп отырғаныма бек қуаныштымын!

Біз бүгін аймақтарыңызға үлкен делегациямен өнер жұлдыздарын, зиялы қауым өкілдерін және жақында ғана республикалық байқауда бас жүлде алған театрымыздың арнайы қойылымымен келіп отырмыз. Бұл өңіраралық рухани-мәдени байланыстарды нығайтып, бізді бауырластыра түседі деп сенеміз, – деді Берік Уәлиұлы.

Мерекелік шарада Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан азаматтар марапатталды. «Жан Арай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Бакдәулет Махашовқа «Қызылорда облысының Құрметті Азаматы» атағы берілді. Ол басқаратын серіктестік тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіру, күріш өңдеу зауыттарын іске қосқан, өнімдерін экспортқа шығарады. Өткен жылы 4 мың тонналық көкөніс сақтау қоймасын ашып, 100-ден астам адамды тұрақты жұмыспен қамтыды.

Еңбек адамдары мен сала үздіктеріне «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін», Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медальдары, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаттары берілді.

Салтанатты шарада ауыл шаруашылығы саласында үздік жетістіктерге жеткен озат аудандар анықталып, «Балық шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Арал ауданы, «Су үнемдеу технологиясын қолдану бойынша озат аудан» номинациясымен Жаңақорған ауданы, «Ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту бойынша озат аудан» номинациясымен Жалағаш ауданы, «Мал шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Қармақшы ауданы, «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Қазалы ауданы, «Егін шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Сырдария ауданы марапатталады.

Ал «Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда биылғы жылы ең жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген үздік аудан» номинациясын Шиелі ауданы жеңіп алды.

Жылдағы дәстүр бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген «Абзал және К» ТС, «Мағжан және К», «Абай-Дәулет» ЖШС еңбек озаттарына автокөлік кілттері сыйға берілді.

# ӘКІМ ҚОЖАНОВТЫҢ ҚЫЗЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

***Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Қызылорданың астаналық кезеңі: тарих пен тағылым» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.***

Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Қайрат Тастекеев, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Қазақстанның Еңбек Ері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик, Ұлттық құрылтай мүшесі Асқар Жұмаділдаев, өнертанушы, Қазақстан Суретшілер, Кинематографистер одағының мүшесі Сәуле Қожықова, мемлекет және қоғам қайраткері Болатбек Қуандықов, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, академик Берекет Кәрібаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, драматург Сұлтанәлі Балғабаев, саяси ғылымдар докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір, Анкара Хаджи Байрам Вели университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Хулия Касапоглу Ченгел, аталған университет докторанты Фулия Акман, жазушы, публицист, ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты Бейбіт Қойшыбаев, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Қайырбек Кемеңгер, Абай облысынан келген делегация және аймақтың зиялы қауым өкілдері, қала, аудан әкімдері, облыстық басқарма басшылары, саяси партия төрағалары мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессорлары қатысты.

> Түркістан мен Қазақстан Республикаларының ішкі мүмкіншіліктерін сан қырынан талдап-таразылаған мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожанов астананы Орынбордан қазақтың қалың ортасына көшіруді қызу қолдады. Себебі, “мемлекет астанасының жұртшылығына сүйеніп істемесе, бас хүкіметтің ісі оңбайды”, - деп түйген қайраткерді қазақтың бас қаласының орыс ішінде орнауы қанағаттандырмады. Бұл жайында баспасөз бетінде дүркін-дүркін мәселе көтерді. Жаңа астана туралы ойларын ол “Ақжол” газетінде жарияланған “Кешіктірмей келісу керек” (1924, 517), “Іс жүзінде орындау керек” (1924, 514), “Қазақтың кіндігі қай қала болсын” (1925, 530) т.б. мақалаларында бүкпесіз білдірді. “Қазақстан астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан қазақтың киіз ауылында болса да, жұртшылығына жуық болуы керек, - деп жазды С.Қожанов “Ақжолдың” 1924 жылғы 17 желтоқсандағы санында. – Қазақ астанасы болуға Орынбор қаласы шетте болғандықтан ғана жарамайды емес, қазақ қаласы болмағандықтан, қазақ ұлт мемлекетінің ұлтшылдығына орда болуына қисыны жоқтықтан жарамайды. Қазақ ұлт мемлекетшілдігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса, өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшпей, қазақ ұлтының ішкі тіршілігі оңдалып, қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қолына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын”.
>
> *"Қызылорда" кітабынан*



Аймақ басшысы Қызылорда қаласының ел астанасы болғанына, «Қазақ» атауының қайтарылғанына 100 жыл толу мерейтойымен құттықтап, өңір бүгінгі мерекеге толайым табыстармен, жарқын жетістіктермен жеткенін айтты.

Жиында Ақмешіттің астана болған кезеңі, «Қазақ» атауының қайтарылуы, қала атының «Қызылорда» болып өзгеруі, басқа да маңызды тарихи шешімдер қабылдаудағы ұлт зиялыларының еңбегі және Қызылордада болған тарихи оқиғалар туралы Сәуле Қожықова, Наурызбай Байқадамов, Берекет Кәрібаев, Бейбіт Қойшыбаев, Хулия Касапоглу Ченгел, Қайырбек Кемеңгер, Болатбек Қуандықов баяндама жасады. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбаев облыстық мемлекеттік архивте сақталған ұлт зиялыларының қолтаңбасы қалған құжаттар туралы айтты.

Облыс әкімі барша сырбойылықтар атынан Алаш арысы, ағартушы-ғалым, жерлесіміз, «Қызылорда» атауын ұсынған Қоңырқожа Қожықовтың немересі Сәуле Құлахметқызына ата-баба дәстүріне сай шапан жауып, құрмет көрсетті.

# МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІКТЕГІ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН КОНКУРСҚА ШЫҒАРЫЛАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Шиелі ауданы, Жөлек ауылдық округі, Түйебаз өңірі | 300 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 662$^{2}$+723 лс-Тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды жеңіл саздақты топырақ кәдуілгі кебірлермен 10-30%-ға дейін кешенде | Жайылым-70,6га | 11 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 729 п-Жалды -бұйратты бекіген құмдар | Жайылым-133,7га | 2 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 729+662$^{2}$ п -Жалды- бұйратты бекіген құмдар тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды топырақтармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым-95,7га | 3 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Жөлек ауылдық округі, Түйебаз өңірі | 150 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 662$^{1}$+729. -Тосаптық шалғындық қоңыр әлсіз тұзды орташа саздақты топырақ жалды-бұйратты бекіген құмдармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым-41,8га | 9 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 729 п-Жалды -бұйратты бекіген құмдар | Жайылым-108,2га | 2 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Сарысу өңірі | 500 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 539$^{2}$ сп - Орташа тұзды сұр-қоңыр құмдақты топырақ | Жайылым - 500,0 га | 4 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Сарысу өңірі қалмас аймағы | 500 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 663б$^{2}$+723 сп-Тосаптық шалғындық қоңыр шөлейттенген әлсіз тұзды құмдақты топырақ кәдуілгі кебірлермен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым - 500,0 га | 6 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Ащықұдық өңірі | 200 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 663б$^{2}$+729 Лг - Тосаптық шалғындық қоңыр шөлейттенген орташа тұзды жеңіл сазды топырақ жалды-бұйратты бекіген құмдармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым - 70,1 га | 11 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 729 п-Жалды -бұйратты бекіген құмдар | Жайылым - 129,9 га | 2 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Қызылорда Жезқазған автокөлік жолы бойы | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 539$^{2}$ сп - Орташа тұзды сұр-қоңыр құмдақты топырақ | Жайылым - 100,0 га | 4 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Қарғалы ауылдық округі, бұланбай бауы елді мекеніндегі «Балықты» өңірі 1 | 50 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 662$^{1}$+729 лс-Тосаптық шалғындық қоңыр әлсіз тұзды жеңіл саздақты топырақ жалды-бұйратты бекіген құмдармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым - 9,4га | 12 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 729+663б$^{2}$ п -Жалды- бұйратты бекіген құмдар тосаптық шалғындық қоңыр шөлейттенген орташа тұзды топырақтармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым - 40,6га | 1 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Қарғалы ауылдық округі, Томарлы өңірі | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 662$^{1}$+729 с-Тосаптық шалғындық қоңыр әлсіз тұзды орташа саздақты топырақ жалды-бұйратты бекіген құмдармен 10-30%-ға дейін кешенде | Жайылым - 14,8га | 9 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 662$^{2}$+729 с-Тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды орташа саздақты топырақ жалды-бұйратты бекіген құмдармен 10-30%-ға дейін кешенде | Жайылым - 56,6га | 7 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 729+662$^{1}$ п -Жалды- бұйратты бекіген құмдар тосаптық шалғындық қоңыр әлсіз тұзды топырақтармен 10-30%-ға дейін кешенде | Жайылым - 28,6га | 1 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Қарғалы ауылдық округі «Балықты» өңірі2 | 50 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 729+663б$^{3}$ п -Жалды- бұйратты бекіген құмдар тосаптық шалғындық қоңыр шөлейттенген күшті тұзды топырақтармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым - 50,0га | 2 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Қарғалы ауылдық округі, «Бұланбай бауы» өңірі 3 | 50 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 662$^{2}$+663б$^{2}$ с-Тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды орташа саздақты топырақ тосаптық шалғындық қоңыр шөлейттенген орташа тұзды топырақтармен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым - 29,8га | 10 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 729 п-Жалды -бұйратты бекіген құмдар | Жайылым - 20,2га | 1 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Қарғалы ауылдық округі,» Көксұйық» өңірі | 50 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 662$^{1}$+723 с-Тосаптық шалғындық қоңыр әлсіз тұзды орташа саздақты топырақ кәдуілгі кебірлермен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым - 50,0га | 12 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Ақмая ауылдық округі, Көкжиде өңірі 1 | 65 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 662$^{4}$ г -Тосаптық шалғындық қоңыр өте күшті тұзды орташа сазды топырақ | Жайылым - 27 | 3 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 723 г - Орташа сазды кәдуілгі кебірлер | Жайылым - 38 | 3 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Ақмая ауылдық округі, Көкжиде өңірі 2 | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 663б$^{1}$+729 лс - Тосаптық шалғындық қоңыр шөлейттенген әлсіз тұзды жеңіл саздақты топырақ жалды-бұйратты бекіген құмдармен 10-30%-ға дейін кешенде | Жайылым -100,0 | 10 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Ақмая ауылдық округі, Көкжиде өңірі 3 | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 662$^{3}$+723 г-Тосаптық шалғындық қоңыр күшті тұзды орташа сазды топырақ кәдуілгі кебірлермен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым -100,0 | 6 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Иркөл ауылдық округі, «Үштал» өңірі | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 663б$^{2}$+729 сп - Тосаптық шалғындық қоңыр шөлейттенген орташа тұзды құмдақты топырақ жалды-бұйратты бекіген құмдармен 10-30%-ға дейін кешенде | Жайылым - 100,0га | 9 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Телікөл ауылдық округі | 50 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 662$^{3}$ лг -Тосаптық шалғындық қоңыр күшті тұзды жеңіл сазды топырақ | Жайылым - 50,0га | 14 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Қоғалы ауылдық округі, Тұрсынбай датқа елді мекені | 20 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 662$^{3}$ с -Тосаптық шалғындық қоңыр күшті тұзды орташа саздақты топырақ | Жайылым - 6,9га | 9 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 662$^{3}$+723 с-Тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды орташа саздақты топырақ кәдуілгі кебірлермен 10-30%-ға дейін кешенде | Жайылым - 13,1га | 12 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Жаңатұрмыс ауылдық округі, «Пивошүнет» өңірі | 70 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 729+662$^{2}$ п -Жалды- бұйратты бекіген құмдар тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды топырақтармен 10-30%-ға дейін кешенде | Жайылым - 70га | 2 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | Шиелі ауданы, Жиделіарық ауылдық округі, Жәнібек базасы | 100 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге | 664 б$^{1}$ г-Тосаптық шалғынды батпақты қоңыр әлсіз тұзды орташа сазды топырақ | Жайылым-34,4га | 9 | Мал шаруашылығы | Бар |
| | | | | | 662$^{2}$+723 С-Тосаптық шалғындық қоңыр орташа тұзды орташа саздақты топырақ кәдуілгі кебірлермен 10%-ға дейін кешенде | Жайылым-65,6га | 4 | Мал шаруашылығы | Бар |

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ – БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыспен күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы, «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданды.

Сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу біздің елімізде маңызды міндеттердің бірі ретінде жүзеге асырылып келеді. Өйткені ол мемлекетіміздің қоғамдық саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін аса қауіпті. Жемқорлықпен күрес жан жақты, үздіксіз, ашық, әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Құбылыс ретінде сыбайлас жемқорлыққа азаматтық қоғамның барлық институттарының жігерін жұмылдырып қана тиімді қарсы тұруы мүмкін. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресуіміз қажет.

**Нұрланбек ОСПАНОВ,**
**«Талаптан ауылдық округі әкімі аппаратының» бас маманы**

## ЗАМАН АҒЫМЫНА САЙ МАМАНДЫҚ

**Адамзат дамуының қай кезеңін алып қарасақ та, бухгалтер маманның қажеттігіне дау жоқ. Заман өткен сайын бұл мамандыққа сұраныс артып, талап та жоғарылай түсті. Жалпы бухгалтер сөзінің өзі XV ғасырларда пайда болған. Ол«кітап ұстаушы» деген мағына берген. Бухгалтердің басты қызметі – есептілікті құрастыру ғана емес, оның дұрыстығын, сенімділігін, толықтығын, шынайылығын қамтамасыз ету.**

Бухгалтер – бүгінгі күні еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтардың бірі. Кез келген ұйымда кем дегенде бір бухгалтер бар, ал үлкен ұйымдарда екі немесе арнайы топ ретінде жасақталған бухгалтерлер командасы жұмыс істейді. Бухгалтер жұмысы көп салалы, яғни: негізгі құралдар есебі, материалдық құндылықтар, жеткізушілер және жабдықтаушылармен жұмыс, еңбекақыны ұйымдастыру, салықты есептеу және т.б. Есептің дұрыстығы және уақтылығына жауап беретін бірден-бір тұлға – бас бухгалтер. Бухгалтер мамандығын дайындаудың басты шарты – болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Кәсіби құзырлықты қалыптастырудың басты міндеттері:

1. Еңбек нарығымен арақатынасты жақсарту;
2. Маманның бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
3. Оқу бағдарламасының мазмұнын, әдістемесін және білім беру ортасын жаңарту.



Бұл талаптың қаншалықты маңызды екендігін ресми құжаттар да айқындай түсті. Бухгалтерлерге деген талаптардың негізгісі олардың өздерінің кәсіби біліктілігін дәлелдеуі екені белгілі, бұл жөнінде міндеттеме «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жөніндегі» Қазақстан Республикасының заңында алғаш рет 2007 жылы аталған болатын. Заң талаптарына сәйкес «бас бухгалтер» атты лауазымдық қызметке тек қолында кәсіби біліктілігін дәлелдеуші құжаттары бар тұлғалар ғана лайықты.

Әлемдік пандемия жағдайында да қашықтан жұмыс істеу дағдысы бар мамандар қажеттілігі анық байқалды. Қашықтан жұмыс істеу ұйымдарды салықтардан, міндетті төлемдер бойынша міндеттемелерден босатпайды, олар уақтылы орындалып, есептіліктер дер кезінде құрастырылып, тиісті органдарға ұсынылып отыруы қажет. Яғни қашықтан жұмыс істеу барысында бухгалтерден өз ісінің шебері болу ғана емес, арнайы дағдыларды меңгеруі қажет ететіні анықталды. Бухгалтерлік есеп аутсорсингін дамыту қажеттігі белгілі болды.

Әсіресе 2021 жылдан бастап «Цифрлы бухгалтерия мен қаржы» жүйесі қолға алынбақ. Бұл білім беру жүйесінде осы саладағы бөлінетін қаражатты ашық игеріп, бюджет қаражатының тиімді игерілуін бақылауға мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар бухгалтерияны, кадрларды, есепке алу мен бюджетті жоспарлауды автоматтандыру сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, қаржыны тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Өз біліктілігін дәлелдеу бухгалтер маманынан әртүрлі дәрежедегі сертификаттарды иелену мақсатында арнайы халықаралық дәрежедегі емтихандар тапсыруды талап етеді. Айталық, ACCA, CFA, CIMA секілді сертификат иегерлерінің нарықта өз орнын тауып, жоғары жалақы алатын қызметке тұру мүмкіндігі өте үлкен. Ал емтихан тапсыру үшін білім, кәсіби шеберлік, техникалық сауаттылық, тілді меңгеру қажет.

**А. МАХАНБЕТОВ**
**Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті Қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы**

# “АЛТЫН КҮЗ” ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

***Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев егін жинау науқанының аяқталуына орай «Алтын күз-2025» мерекесі аясында облыс орталығында ұйымдастырылған ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесін аралап шықты. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстанның Еңбек Ерлері қатысты.***

***Жәрмеңкеде барлық аудандар мен Қызылорда қаласының шаруалары өз өнімдерін өндіруші бағасымен ұсынды. Аудандардан 500-ге жуық жүк көлігімен 1000 тоннадан астам өнім жеткізілді.***

***Сауда сөрелеріне 150 тоннадан астам күріш, 30 тонна ет және 35 тоннадай балық өнімдері, 300 тонна картоп, 300 тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидек, 250 тонна бақша, 10 тоннадай сүт, 10 тоннаға жуық бакалея және кондитер өнімдері, 100 бас тоқты және 30 тонна жем-шөп қойылды.***



**АРАЛ** ауданының жәрмеңкесі халыққа ерекше көңіл-күй сыйлады. Әсіресе, тұтынушылар Аралдың балығын алуға кезек тосты. Теңізді өлкенің шаруалары 60 тоннадай өнім әкелген. Атап айтқанда, 15 тонна балық өнімдері, 20 тонна қауын-қарбыз, 4 тонна ет өнімдері, 20 тонна қызанақ, 1 тоннадай сүт, 3 тонна ас тұзы бар. Сондай-ақ, 40 бас қой мен тоқты жеткізілген.




**ҚАРМАҚШЫ** ауданынан 40 көлікке тиелген 100 тонннаға жуық өнім келген. Сатылымда 20 тонна күріш, 1,5 тонна балық, 30 тонна көкөніс, 25 тоннадай бақша, 10 тонна қызанақ, 1 тонна ет және кондитер мен сүт өнімдері, мал азығы бар.



Тасбөгет кентінің орталық алаңында **ШИЕЛІЛІК** шаруалар табиғи таза өнімдерін ұсынып, жәрмеңке көркін қыздырды. Мұнда саудаға 150 тоннадан астам өнім қойылған.

Атап айтқанда, 20 тоннадан астам күріш, 30 тонна бақша өнімі, 50 тонна картоп, 12 тонна асқабақ, 40 тонна көкөніс, 4 тонна ет, сүт өнімдері, 1 тонна бакалея өнімдері сатылды.






Молшылық мерекесінің жәрмеңкесіне **ҚАЗАЛЫ** ауданының шаруалары 10 тонна күріш, 12 тонна балық, 5 тонна ет, 20 тонна бақша өнімдерін, 7 тонна асқабақ, 15 тонна картоп, 10 тонна пияз, 3 тонна сүт өнімдері, 1 тонна Қазалы кәмпиттерін шығарды.



Ал, **ЖАЛАҒАШ** ауданының шаруалары 200 тоннаға жуық өнімдерін қала тұрғындарына ұсынды. Атап айтқанда, 40 тонна күріш, 40 тонна картоп, 10 тонна сәбіз, 20 тонна пияз, 20 тонна асқабақ, 30 тонна қауын, қарбыз, 30 тонна көкөніс өнімдері, 3 тоннадан астам ет пен балық өнімдері, 1 тоннадай сүт өнімдері.



Астана даңғылының бойында орналасқан **ЖАҢАҚОРҒАН** ауданының 50 көлігінде 10 тоннаға жуық күріш, 45 тонна картоп, 30 тонна бақша, 60 тоннадан астам көкөніс пен жемістерді саудаға шығарылды. Сондай-ақ, ет, балық, кондитер өнімдері де бар.

Сол жағалауға жайғасқан **ҚЫЗЫЛОРДА** қаласының шаруалары 12 тонна күріш, 8 тонна картоп, 12 тонна ет пен балық өнімдерін, 16 тонна қауын мен қарбыз, 6 тонна асқабақ, 15 тонна көкөніс пен жеміс өнімдерін, 2 тонна кондитер өнімдерін, мал азығын да ұсынды.

**Биыл Сыр диқандары күзгі жиын-терімге уақытылы кірісіп, толағай табысқа қол жеткізді. 470 мың тоннаға жуық күріш жиналып, оның әр гектарынан 58,1 центнерден өнім алынды. Дәнді және майлы дақылдар, картоп, көкөніс, бақша өнімдерінен де мол өнім жиналды.**





**СЫРДАРИЯ** ауданынан жеткен 50 көлік азық-түлік тауарларына толы. Мұнда тұрғындар қарбыз-қауын, жеміс-жидек, күріш, сүт өнімдері мен балық өнімдерінің саудасын қыздырды.

Барлығы 170 тоннадан астам, оның ішінде 25 тонна күріш, 60 тонна картоп, сәбіз, пияз, 10 тонна асқабақ, 40 тонна бақша, 2 тонна ет, сүт өнімдері, 5 тонна көкөніс пен жемістер, 2 тоннадан астам бакалея өнімдері халық сұранысына ие болды. Сонымен қатар, 10 бас қой мен 10 бас тоқты және 30 тонна мал азығын да саудалаушылар көп болды.

## ҰЛЫТАУ АЛАМАНДЫ АЛДЫ

Қалалық ипподромда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына орай және Қала күні аясында «Алтын күз – 2025» ұлттық ат бәйгесі өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Сыр еліндегі дүбірлі додада еліміздің әр аймағынан келген 70-ке жуық шабандоз бақ сынап, жеңімпаздар анықталды. Атап айтсақ, 5 шақырымдық тай жарыста I орынды Жамбыл облысынан Нұрислам Амангелді, II орынды Шиелі ауданынан Төрехан Бейбарыс, III орынды Жамбыл облысынан Әбіқадыр Санжар жеңіп алды.

11 шақырымдық құнан бәйгеде I орынды Сырдария ауданынан Абдулашим Рамазан,

II орынды Шиелі ауданынан Рамазан Нұрлыбекұлы, III орынды Жалағаш ауданынан Рауан Нартайұлы иеленді. 15 шақырымдық тоқ бәйгеде I орын Жамбыл облысынан келген Нұрасыл Танатқа, II орын Алматы облысынан келген Болат Әбдікәрімге, III орын жаңақорғандық Төрехан Сұлтанға бұйырды. 25 шақырымдық аламан бәйгенің I орны Ұлытау облысынан Болат Әбдікәрімге,II орны Жамбыл облысынан Орынбасар Нұрымға, III орны Жамбыл облысынан Мақсат Нұржігітке табысталды.

Жүлделі орын иелеріне ақшалай сертификаттар берілді.




## МЕРЕЙЛІ ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ МЕРЕКЕСІ

Сол жағалаудағы «Қайсар арена» стадионында Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына және Қала күніне арналған «Мерейлі мерекеңмен,Қызылорда» атты гала-концерт өтті.

Оған Абай облысының әкімі Берік Уәли, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстанның Еңбек Ерлері, ғалымдар, өнер майталмандары, республиканың барлық өңірінен келген облыстық мәслихат төрағалары арнайы қатысты.




Мереке бастауындағы астананы Орынбордан Ақмешітке көшіру және Киргиз АКСР-ның Қазақ АКСР деп өзгертілуі, қалаға Қызылорда атауының берілуі, Ақмешітке қарай бағыт алған «Қызыл паравоз», Алаш арыстарының бейнелері, тарих желісінен сабақталған көріністер сол дәуірді көпшіліктің көз алдына әкелгендей әсер қалдырды. Одан кейін экрандағы көріністер жаңарған, жаңғырған Қызылорданың бүгінгі жасампаз келбетіне ауысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жұртшылықты мерейлі мерекемен құттықтады.

«Бір ғасыр бұрын Қазақ Республикасының алғашқы астанасы болған Қызылордада мемлекеттігіміздің негізі қаланды. Сол кезеңде қаламыз еліміздің саяси, мәдени-рухани орталығына айналды. Ұлттық өнер мен ғылымның, білім мен баспасөздің алтын қазығы осында қағылды. Шежірелі шаһарымыздың елдік асыл мұраты, жасампаз жолы қалыптасты. Ұлтымызға «қазақ» атауын қайтарып, азат ел болуды аңсаған асқақ арман орындалды. Тілегі мен мақсаты ортақ Алаш арыстары ұлт мүддесі үшін тәуелсіз ел болуға бірікті. «Отан – елдің анасы, Ел – ердің анасы! Сыр – Алаштың анасы!».

Жүз жылда бірнеше кезеңді басынан өткерген Қызылорда бүгінгі күні Президентіміздің ерекше қолдауымен сәулетті де әсем қалаға айналып келеді. Сыр өңірі жасарып-жаңарып, өсіп-өркендеуде. Соңғы үш жылда аймақ экономикасына 1 триллион 600 млрд. теңгеге жуық инвестиция тартылды. Облыс бюджеті 851 млрд. 300 млн. теңгеге жетіп, 2022 жылдан бері 233 пайызға өсті. Бұл қаражат аймағымыздың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, тұрғындарымыздың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталды. Ең ғажап қала – ол адамның бақытты болған жері. Баршамызды бақыт құшағына алған Қызылорда – біздің мақтанышымыз.

Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! Егемен еліміздің еңсесі биік, Тәуелсіздігі тұғырлы болғай! Мереке құтты болсын, қадірлі жерлестер!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Гала концертте эстрада әншілері Ж.Ысқақова, Г.Оразымбетова, М.Сәдуақасова, Ж.Төлебай «Біздің Қызылорда» әнін шырқады. Сондай-ақ, К.Әлімжан, Т.Төрәлі, О.Нұралиев, тағы басқа өнерпаздар көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Сахна сәні, би қойылымдары мен бейнероликтер, арнайы дайындалған тақырыптық дрон шоу Қала күнінің мазмұнын байыта түсті. Салтанатты шараның шарықтау шегінде мереке аспанын мың бояулы отшашулар жарқыратты.